

Т.Я. Сәтбай , Ә.М. Мырхиев* 

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

*e-mail: kamok-80@mail.ru

СЫР ӨңІРІНДЕГІ «ЕРІМБЕТ» ТОПОНИМІ: ТАРИХИ-ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Бұл мақалада Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы аумағындағы «Ерімбет» жер атауының шығу тегі мен тарихи негізі қарастырылады. Зерттеу барысында осы атаудың пайда болуына қатысты мәліметтерге ерекше мән берілді. Қазақ халқы ежелден жер-су атауларына зор маңыз беріп, олардың тарихи мәнін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Алайда, Кеңес үкіметінің отарлық саясаты салдарынан көптеген елді мекен атаулары өзгеріске ұшырап, біразының шығу тарихы ұмыт болғаны белгілі. Зерттеудің басты мақсаты – «Ерімбет» атауының шығу тегін анықтау және оның тарихи негізін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды: тақырыпқа қатысты ауызша деректерді жинақтап, салыстыру, нарративтік деректерді талдап, ғылыми сараптама жасау, республика мен облыс деңгейіндегі архив құжаттарын зерттеу және ғылыми айналымға енгізу. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивіндегі және өзге де дереккөздердегі мәліметтер жүйеленіп, талданды. Жұмыста тарихи-салыстырмалы, деректерді талдау және басқа да зерттеу әдістері қолданылды. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қуаңдария ауылы маңында, батысқа қарай шамамен 13 км жерде орналасқан «Ерімбет» атауының шығуы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында осы өңірде қоныстанған Ерімбет есімді Шөмекей руының белгілі азаматының атымен байланысты. Алайда, кейбір пікірлерге қарамастан, бұл жердің атауы Сыр бойының әйгілі сүлейі, Қарасақал Ерімбетпен байланысты емес. Оның өмір сүрген жылдары 1844-1916 жылдар аралығында болған және ол Арал өңірінде дүниеге келген. Ал Жаңай ұрпағы Ерімбет Қуаңдария бойында ғұмыр кешіп, 1928 жылы осы өңірде өз қаражатына мешіт салдырған. Осы кезеңнен бастап бұл жер «Ерімбет» атауымен белгілі бола бастады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы кезеңінде өмір сүрген, халық арасында абыройға ие болған Ерімбет есімі уақыт өте келе жер атауы ретінде орныққан.

Түйін сөздер: Кеңес дәуірі, Қармақшы ауданы, мүлікті тәркілеу, жер аудару, топонимика, мешіт, «Ерімбет» қыстауы.

T.Y. Satbay, A.M. Myrkhiev*

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

*e-mail: kamok-80@mail.ru

The toponym “Erimbet” in the sir region: historical-etymology analysis

This article explores the origin and historical foundation of the toponym “Erimbet,” located in the Karmakshy district of Kyzylorda region. Particular attention is given to the historical context and the emergence of this place name. Traditionally, the Kazakh people have attached great significance to geographical names, preserving their historical meanings and transmitting them from generation to generation. However, due to the colonial policies of the Soviet regime, many settlement names were altered, and the origins of some have been forgotten. The main objective of this study is to determine the etymology of the name “Erimbet” and to identify its historical basis. To achieve this goal, several tasks were set: the collection and comparison of oral traditions, analysis and scholarly interpretation of narrative sources, examination of archival documents at the national and regional levels, and their introduction into academic discourse. During the research process, data from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan and other sources were systematized and analyzed. The study employed historical-comparative, source analysis, and other scientific methods. The toponym “Erimbet,” located approximately 13 kilometers west of the village of Kuandarya in the Karmakshy district, is associated with a prominent member of the Shomekey clan named Erimbet, who lived in the late 19th and early 20th centuries. Despite some differing opinions, this place name is not related to the renowned Syr region poet, Karasakal Erimbet (1844–1916), who was born in the Aral region. Rather, it refers to Erimbet of the Zhanai lineage, who lived along the Kuandarya river and, in 1928, funded the construction of a mosque in the area. From that time on, the locality came to be known by his name. Over time, the

respected name of Erimbet, a figure held in high regard by the local population, became established as a toponym.

Key words: Soviet Union, Karmakshi, confiscation, deportation, toponymy, mosque, “Erimbet” wintering.

Т.Я. Сатбай, А.М. Мыржиев*

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

*e-mail: kamok-80@mail.ru

Топоним «Ерімбет» в регионе Сыра: историко-этимологический анализ

В данной статье рассматривается происхождение и историческая основа топонима «Ерімбет», расположенного на территории Кармакшинского района Кызылординской области. В ходе исследования особое внимание было уделено сведениям, связанным с возникновением данного названия. Издавна казахский народ придавал большое значение наименованиям географических объектов, передавая их историческое значение из поколения в поколение. Однако в результате колониальной политики Советской власти многие названия населённых пунктов подверглись изменениям, а история происхождения некоторых из них была утрачена. Основной целью данного исследования является установление происхождения названия «Ерімбет» и выявление его исторической основы. Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи: сбор и сопоставление устных преданий, анализ нарративных источников и их научная интерпретация, исследование архивных документов республиканского и областного уровней, а также введение их в научный оборот. В ходе работы были систематизированы и проанализированы данные из Центрального государственного архива Республики Казахстан и других источников. В исследовании использовались историко-сравнительный метод, методы анализа источников и другие научные подходы. Топоним «Ерімбет», расположенный примерно в 13 км к западу от села Куандария Кармакшинского района Кызылординской области, связан с именем известного представителя рода Шомакей по имени Ерімбет, проживавшего в конце XIX – начале XX веков. Несмотря на некоторые мнения, название данной местности не связано с известным жырау Сыра, Карасакалом Ерімбетом (1844–1916), уроженцем Аральского региона. Ерімбет из рода Жанай проживал в районе Куандарии и в 1928 году построил на собственные средства мечеть, после чего местность стала известна под его именем. Таким образом, имя уважаемого в народе Ерімбета, жившего во второй половине XIX – начале XX веков, со временем утвердилось как топоним.

Ключевые слова: Советский Союз, Кармакши, конфискация, депортация, топонимика, мечеть, зимовка «Ерімбета».

Кіріспе

Жер атауларын, топонимиканы мамандар «жердің тілі» деп бекер айтпаса керек. Қазақ жерінде шығу тарихы белгісіз жер-су, елді-мекен атаулары көптеп кездеседі. Жергілікті халық жер-су атауларын жәйден-жәй қоя салмағаны анық. Сондықтан, әр өңірдегі өлкетанушылар мен кәсіби тарихшылардың кәсіби міндеті белгісіз жер атаулары мен шығу тегі талас тудыратын атаулар тарихын шешуге кәсіби тұрғыда араласу болып табылады. Осындай жер атаулары Сыр өңірінде де жиі кездеседі. Барлығын бірдей бір мақала төңірегінде қамту мүмкін емес болғандықтан, біз зерттеу тақырыбымызды бір «Ерімбет» атауының шығу тегімен шектеп отырмыз. Жер атауын Сыр бойының атақты сұлейі Қарасақал Ерімбеттің құрметіне қойылған деген жаңсақ пікір де бар. Алайда, олардың көпшілігі ауызша деректер ықпалында және архив деректерімен таныс

емес болғандықтан, осындай түсінбестіктер орын алған. Елді-мекен, жер-су атауларының пайда болуы мен қалыптасу мәселелерін ономастиканың құрамдас бөлігі топонимика зерттейді. Топонимдер пайда болуына қарай: «эндоним» – жергілікті халықтың берген атаулары және «экзоним» – отарлаушылардың немесе сырттан келгендердің қойған атаулары болып жіктеліп, көлеміне қарай макротопоним, мезотопоним және микротопоним болып бөлінеді. Ерекшеліктеріне қарай кісі есімімен байланысты атаулар «антропоним» тобына жатқызылады (Аяған және т.б., 2006: 436). Осының ішінде эндонимдердің, яғни жергілікті халық қойған атаулардың тарих, мәдениет, тілі білімі саласында маңызы өте зор. Елді-мекен, жер-су атаулары туралы зерттеулер тарих, этнография, археология ғылымдары үшін мол мәліметтер береді. Кызылорда облысы территориясында орналасқан «Ерімбет» жер атауы микротопонимге, эндонимге және антропонимге жатады.

Осы тұрғыдан алғанда да, тақырыбымыздың өзектілігі кеңейе түседі.

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы аумағында орналасқан «Ерімбет» жер атауы (қазіргі таңда «Ерімбет» қыстауы деп аталады) кәсіби тарихшылар мен өлкетанушылар тарапынан арнайы зерттеу объектісі ретінде зерттелмеген. «Ерімбет» антропонимі Қызылорда облысының жер-су атаулары жинағына енгенімен, тарихы мен қалыптасуы туралы мүлде мәлімет жоқ. Тақырыпты зерттеу барысында ел тарихына қатысты маңызды деректер көптеп кездесті. Сол кезеңдегі ауыл тұрғындарының өмірі, байлардың малдарын тәркілеу науқаны туралы нақты мәліметтерге көз жеткіземіз. Зерттеу жұмысының жаңалығы ретінде Ерімбет жер атауының қалыптасуы мен тарихы туралы деректер жүйеленді. Олардың ішінде біздің зерттеу тақырыбымыз үшін маңыздысы Ерімбеттің замандасы Әбдіқожаның айтқанын бізге жеткізіп отырған оның ұлы Шайқы қожаның куәландыруы. Бұл жөнінде Ерімбет қажының: «Әкем азанның үнін естіп жатсын деген ниетпен, мешітті бейітіне жақын тұрғыздым» деген сөздері айтылған. Осылайша, елімізге белгілі Сыр өңірі батырларының бірі, Ерімбеттің әкесі Жаңай батырдың жерленген орны да белгілі болады. Зерттеу жұмысындағы ауызша жеткен деректер, ақын-жыраулардың шығармалары мен архив құжаттарындағы мәліметтерден Ерімбеттің ауқатты отбасынан шыққанын, халыққа көп көмегі тигені туралы білеміз. Зерттеу жұмысының мақсаты жер атауының тарихын және қалыптасуын анықтау. Ауызша және жазба деректерді, архив құжаттары материалдарын жүйелеп, ғылыми айналымға енгізу болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві Р-135-қор, тізім-1, іс-349, Қызылорда облысының мемлекеттік архиві 2-қор, 1-тізім, 11-іс, «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы №268-қор, 1л-тізбе, 5944-іс материалдары және жеке архив қорлары негізге алынды. Сонымен қатар жергілікті өлкетанушылардың зерттеулері, шежірешілердің еңбектері мен жергілікті тұрғындардың естеліктері, ақын-жыраулардың шығармаларында кездесетін деректермен қатар әлі күнге дейін ғылыми айналымға түспеген ауызша деректер пайдаланылды. Зерттеу тақырыбымызға сәйкес пәнаралық байланыстардың

тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалылық, тарихи-жүйелілік, диахроникалық талдау және ретроспективтік әдістері қолданылып, алынған деректер өңделді. Сондай-ақ, тарих ғылымының заманауи бағыттарының бірі ауызша тарихтың әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

Талқылау

Қызылорда өңірінің жер-су атауларының шығу тарихы бұрыннан жергілікті және ұлт зиялыларының назарында болған. Қазақстанда топонимика саласын Ғ. Қоңқашбеу, Н. Баяндин, А.Әбдірахманов, Т. Жанұзақ, З. Құламанова, С.Иманбердиева, Б. Сансызбаева және т.б. ғалымдар зерттеген. Кеңес жылдары Әуелбек Қоңыратбаев, Әнес Жақыпов, Мырқы Исаев сияқты зерттеушілер жеке белсенділік танытып отырды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қызылорда облысындағы жер-су атаулары, оның ішінде «Ерімбет» тақырыбына қатысты жүйелі түрде зерттеулер шыға бастады. Өйткені, тақырып әсіресе Қармақшы, Жалағаш, Қазалы ауданы тұрғындары үшін өте танымал және өзекті болды. Белгілі ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор Серғали Толыбековтың және тарих ғылымдарының докторы, профессор Хамит Мадановтардың шежіре кітаптарында, жер атауын иемденген «Ерімбеттің» ата-тегі туралы тақырыпқа үн қосуы қызығушылықты арттыра түсті.

Жер атауын иеленген Ерімбет қажы Жаңайұлының шығу тегіне қатысты шежірелік деректер келесідей жүйеленеді: Шөмен – Шөмекей – Бозғұл – Келдібай – Сейін – Дөсек – Шолақ – Ырысбай – Аман – Қабай бай – Ережеп – Жаңай батыр. Жаңай батырдан Көздібай, Ерімбет, Салымбет, Бекпенбет атты ұрпақтары тараған. Әкесі Жаңай батыр 1870 жылдары ел ішінде беделді би болып танылып, болыстық қызметті де атқарған (Толыбеков, 1992: 127-128). Ерімбет қажының әкесі, Жаңай батыр Ережепұлы (1828/30, қазіргі Қазалы өңірі – 1884/85, сол аймақ) өз дәуірінің белгілі биі әрі батырларының бірі болған. 1849-1850 жылдары Хиуа жасақтары айдап кеткен малды қайтарып алу арқылы батыр атағына ие болған. 1850 жылдардан бастап ел басқару ісіне араласып, 1868 жылы құрылған Заңғар болысында бас би болып сайланған. 1870-1875 жылдары Қазалы уезіне байланысты тарихи құжаттарда, сондай-ақ генерал Гродековтың жазбаларында Жаңай есімі бірнеше рет аталады (Толыбеков, 1992: 127-128). Алайда бұл еңбектерде «Ерімбет» жер атауының пайда бо-

луына қатысты нақты ақпарат берілмеген. Профессор Х. Мадановтың деректеріне сүйенсек, 1870-жылдары Жаңай Қабаев халық биі ретінде танылып, оның төрелік шешімдері қағаз бетіне түсірілген (Маданов, 1994: 141-142). Бірақ зерттеуші еңбегінде жер атауына байланысты мәлімет кездеспейді.

Зерттеуші Тынышбек Дайрабаевтың еңбегінде: «Ерімбет Жаңайұлы Қуандария ауылынан батысқа қарай шамамен 13 шақырым жердегі Қуандария өзенінің бойында 1928 жылы мешіт салдырған» деп көрсетіледі (Дайрабаев, 1995: 94). Бұл аумақты Ерімбет пен оның ата-бабалары ұзақ жылдар бойы қоныстанған. Сондықтан мешіт салынғаннан кейін бұл жер «Ерімбет мешіті» деп аталған. Кеңес билігінің қудалауына байланысты Ерімбет қажы бұл аймақтан кетуге мәжбүр болған, ал мешіт үкімет меншігіне өткен. Уақыт өте келе бұл аймақ ферма орталығына айналып, халық арасында «Ерімбет қыстауы» атауымен белгілі бола бастайды. Шежіре жинаушы Мұқамбетқали Мырхиевтің 2005 жылы жарық көрген «Шөмекей шежіресі» кітабында Ерімбет қажы туралы кең көлемді мәлімет келтірілген. Автор өз деректерін ер Сейітпенбет ұрпағы Әбдіқожаның баласы Шайқықожаның айтқандарына сүйене отырып баяндағанын айтады. Тарихи жер-су атауларын зерттеген ғалым Т. Жанұзақ «Адам есімдері мен фамилиялардың барлығы бірдей көпшілікке түсінікті бола бермейді. Олардың кейбірі ежелгі дәуірлерден қалғандықтан, мағынасы көмескіленген, түсініксіз болуы мүмкін» деп көрсетеді (Жанұзақ, 2010: 5). Ғалым көптеген тарихи есімдердің мағынасын ашуға тырысып, олардың этимологиялық негіздерін талдаған.

2010 жылы «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының Х. Ғабжалиловтың редакциялауымен шыққан «Қазақ ру тайпаларының тарихы», Қаракесек бірлестігі (Өлім, Кете, Шөмекей) кітабында: «Дөсектен – Қабай, Қожан батыр (Балталы Қожан), Жанай, Ерімбет сияқты билер, Тәшеке, Оспан сияқты белгілі адамдар шыққан» (Ғабжалилов және т.б., 2010: 451 б) делінеді және Ерімбеттің әкесі Жанай туралы: «Жанай батыр Ережепұлы Қабаев – Қазалы уезінде сайланған билердің бірі. Шөмекей – Бозғұл – Дөсек руынан» (Ғабжалилов және т.б., 2010: 473 б) деп дәл көрсетіледі. Бұл еңбекте Ерімбеттің өзі мен ата-тегі туралы деректер жазылған.

2011 жылы жарық көрген «Қызылорда облысының жер-су атаулары туралы» жинағында (авторлық ұжым: Мейрамбек Шермағанбет, Жәніс Сәдуақасұлы, Орынбасар Әлжік, Мартана

Дәулетбаева) «Ерімбет» атауы жайлы қысқаша мәлімет берілген. Онда: «Ерімбет – қыстау. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Қуандария өзенінің бойында орналасқан. Бұл атау белгілі бір адамның есімімен байланысты қойылған» деп көрсетіледі (Шермағанбет және т.б., 2011: 68).

Ал Ерімбет есімді адамның мал-мүлкінің тәркіленуі туралы мәлімет 2013 жылы Б. Кәрібозұлы, Ж. Сәдуақасұлы, Н. Мыңжасов, С. Тайман сынды зерттеушілер құрастырған «Қазалы» атты еңбекте кездеседі. Бұл кітапта Қазалы уезінің №5 ауылында мал-мүлкі тәркіленген ірі байлардың бірі ретінде Ерімбет Жанаевтың есімі аталады. «... Қазалы өңіріндегі ірі байлардың мал-мүліктері тәркіленіп, өздері жер аударылған. №5 ауылдан – 4 жалшысы, 100 түйесі, 200 жылқысы, 300 ірі қарасы, 1000 қой-ешкісі тәркіленген Жанаев Ерімбет» деп жазылған (Кәрібозұлы және т.б., 2013: 155). Алайда, осы дереккезде «Ерімбет» жер атауына қатысты нақты түсініктеме берілмеген.

Ахат Жанаевтың «Қазақ кімнен тараған» (Шежіре-дастандар), Өлеңмен өрілген өсиеттер» атты еңбегінде Ерімбет пен оның әкесі Жаңай батыр жайында жыр жолдары кездеседі. Сонымен қатар, белгілі жырау Алмас Алматтың «Қосназар палуан» атты әңгімесінде де Ерімбет қажының есімі аталады. Бұл деректердің халық арасында сақталған ауызша мәліметтер негізінде алынғаны айқын (Алмат, 2020). Дегенмен, бұл авторлар да «Ерімбет» жер атауының пайда болуы туралы мәселеге тоқталмайды. Б. Д. Сансызбаеваның «Қызылорда облысының топожүйесінің тарихы» атты мақаласы Қызылорда өңірінің орта ғасырлардан бастап қазіргі заманға дейінгі топонимикасын зерттеуге арналған. Автор кеңес дәуіріндегі атаулардың өзгеру үдерісін де қарастырады. Алайда, бұл еңбекте де «Ерімбет» атауына қатысты деректер қамтылмаған (Сансызбаева, 2021). Қазақстандағы жер атауларының қалыптасуын зерттеген С. Иманбердиева еңбегінде «...аймақтарда кісі есімдерімен байланысты атаулар басым. Бұның себебі – өзге тілдегі идеологиялық сипаттағы топонимдердің көптігі. Белгілі тұлғалардың есімі негізінен күзеу, қыстау, жайлау секілді орындарға таңылған, өйткені бұл жерлерді сол адамның иелік еткені айқындалатын. Алайда, қазақ халқы жалпы географиялық нысандарды кісі есімімен атау үрдісін кеңінен қолданбаған, көбінесе жер бедері, судың ерекшеліктері, табиғи сипаттары негізге алынған» (Иманбердиева, 2021: 28) деп тұжырымдайды. Зерттеуші З. Құламанова: «Топонимдер – халықтың тарихи өмірімен тікелей

байланысты. Олар арқылы белгілі бір рулар мен жүздердің көшіп-қону бағыттарын, миграция мен ассимиляция үдерістерін, экономикалық және кәсіби ерекшеліктерін анықтауға болады. Жалпы, жер-су атаулары ұлттың тарихтағы ізін көрсететін маңызды дереккөздер болып табылады» (Құламанова, 2022: 3) деген ойды ортаға салады. Дегенмен, бұл еңбекте де «Ерімбет» атауы туралы нақты мәлімет кездеспейді.

Неміс ғалымы Роберт Киндлер «Сталиндік көшпенділер» атты ғылыми монографиясында Қазақстандағы 1920-30 жылдардағы жағдайлар жөнінде: «Ұжымдастыру және мал-мүлікті тәркілеу, оған қоса көшпенділерді күштеп отырықшы ету әрекеті халықты қайыршыға айналдырды» (Киндлер, 2023: 5) ..Белгіленген тапсырманы қалайда орындау үшін функционерлер «жалаңаштап тәркілеуге» дейін баратын. Қармақшы ауданында 283 шаруашылықты тәркілеу жоспарланады, бірақ бұл цифрлар нақты жағдаймен мүлде үйлеспейтін. Сондықтан жергілікті басшылардың назары күндердің бір күнінде кулактарға айналуы мүмкін-ау деген отбасыларына түседі. Оларды кулактар ретінде тәркілеу жөніндегі қаулыға қоса: «бұлар әзірше кулактар емес, бірақ бірте-бірте байып алып, кейін кедейлерді қанауы мүмкін. Сондықтан мал-мүліктерін тәркілеп, өздерін жер аударып жіберу туралы бірауыздан ұйғарылды» деп қаулы шығарады» (Киндлер, 2023: 154). ..Отырықшылыққа көшіру әдісі жағынан шектен асқандықты (қазақтар үшін трагедиялық) білдірсе, ал түрі жағынан тонауға ұқсайтын. Көшпенділерді тәркілеу арқылы отырықшы ету науқаны оларды қашқын әрі қайыршы етті» (Киндлер, 2023: 186) – деп жазады. Шетелдік ғалымның еңбегінде аталған көріністер Ерімбеттің де басынан өткені архив құжаттарынан белгілі. Автор «Ерімбет» жер атауына қатысты ештеңе айпайды және ол үшін оны сөуге де болмас еді.

Қазақстан журналистер одағының мүшесі Ш.Құндақбаев «Ел есіндегі Ерімбет» атты мақаласында елді мекен туралы мол мәліметтер береді. Бала кезінде сол жердегі мектепте білім алғандығы туралы естеліктерімен бөліседі. Оқыған мектебінің Ерімбет салдырған мешіттің кірпіші мен материалдарынан салынғанын, Ерімбеттің 1928 жылы салдырған мешіті кеңес үкіметінің қолына өтіп, 1950 жылдардың басына дейін бос, қараусыз тұрғанын жазады. Ерімбеттегі мектеп 1990 жылдарға дейін жүн, түз сақтайтын қойма рөлін атқарғандығын айтады да, жер атауына қатысты пікір білдірмейді. (Құндақбайұлы, 2024) Көріп отырғанымыздай, бізге дейінгі авторлар

негізінен ауызша деректер мен нарративтік материалдарға сүйеніп, «Ерімбет» тақырыбына қатысты өздерінің пікірлерін білдірген. Олардың көпшілігі архив материалдарын мүлдем пайдаланбаған. Сондықтан, біздің мақаламызда тұңғыш рет «Ерімбет» жер атауы кәсіби тарихшылар тарапынан арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастырылып, республикалық және облыстық архив материалдары ғылыми айналымға енгізіледі.

Нәтижелер

Ерімбет бұрынғы Қазалы уезі, 5-ауылда (қазіргі Қармақшы ауданы) шамамен 1850 жылдары Жаңай батырдың отбасында дүниеге келген. Ерімбет ауызша деректерде кездесетін Жаңай батырдың екінші әйелі Кезектен туады деген пікір шындыққа жанасады. «Туған бойдан Жаңай батырдың бәйбішесі етегіне орап алып, егеленіп, кейін сол кісінің тәрбиесінде өскен деседі» (Мырхиев, 2015: 105). Ерімбеттің бабаларына қатысты Ахат Жанаевтың жинағына енген шежіре-дастандарда, Ерімбет және әкесі Жаңай батыр туралы өлең жолдары кездеседі:

Шоңбай Жұбанұлы:
Шөменнен Қыстаубай мен Бәйтік шыққан,
Меселі хас дұшпаннан қайтпағандай.
Шобдарда Алмат, Дөсекте Жаңай батыр,
Ерлер еді бетін ешкім қақпағандай.
(Жанаев, 2016: 22)

Осы кітапқа енген Қуаныш Баймағанбетовтың «Қазақтың арғы атасы Әзіреті Мәлік» шежіре-дастанында:

Дөсектен Жаңай батыр, Ерімбет би,
Сансызбай Қошқаралы қандай еді.
Кезінде ел билеген әлгілердің,
Сөздері жұртты ұйытар балдай еді.
(Жанаев, 2016: 53) –

десе, бұрын ғылыми айналымда болмаған, ғалым Мардан Байділдаевтың жинаған мұрағаты негізінде 2007 жылы Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 4 томдығы жарыққа шыққан еді. Жинаққа енген «Көңіл гүжім дарақтай» толғауында Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Ерімбеттің әкесі Жаңай батыр туралы:

Дос күтіп, дұшпан сыйлаған,
Бәшеке, Жаңай, Менейді.
Жұрт тегіс желдей тынушы ед,
Қозғаса олар көмейді.

Уақытында олардың,
Күннен-күнге күшейіп,
Өрісі елдің кеңейді.
Қалайынша айтқанмен,
Қайратты туған қанды көз,
Азды көпке теңейді.
(Байділдаев, Алматы, 2007: 72) –

деп жырлайды.

Осындай шығармалар Ерімбет қажы, Жаңай батырдың өз уақытында қоғамдағы беделінен хабар береді. Өлең жолдарынан ол кісілердің ел арасында сыйлы, абыройлы болғанын байқаймыз.



1-фотосурет – «Жаңай батыр бейіті» қазіргі Ерімбет қыстауы аумағында орналасқан

[Photo – 1. “Zhanai batyr’s grave” is located on the territory of the now Winter Village of Yerimbet]

Балалық шағы туралы ауызша деректері өте аз, бірақ там-тұмдап жеткен деректерден біз оның зерек, оқуға алғыр, ел басқару ісіне ерте араласқандығын байқай аламыз. Оның дәлелі, жастайынан би атануы, көптеген даулы істерді шешуге қатысып, халықтың ұжымдық есінде қалғаны. «Ерімбет Жаңайұлы көп уақыт халық биі болып, арабша аты жазылған жеке мөр ұстаған. Жасы елуден асқан кезде дөсек Бисен деген кісімен Меккеге қажылыққа барып, Ерімбет

қажы атанған. Көнекөз қариялардың ауызша дерегі бойынша Ерімбет онша ірі емес, қаршығдай келісті адам болған екен. Ерімбет сыпайы, мейірімді, қасындағыларға қамқорлығы мол, қазанды, қонақжай адам болған. Балалардың бар өнерді жас күнінен үйренуін қалаған. Оқуға талабы бар балаларға жағдай жасап, оқуына көмектескен. Талабы бар кедей балаларын орыс оқуына кетіп бара жатырған бай балаларының қастарына қосып, азық-түлік тағы басқа жол шығындарын төлеп отырған» (Мырхиев, 2005: 112). Бұдан шығатын қорытынды, Ерімбет орыс оқуын да және ескіше оқуды да теріс көрмеген және замана талаптарына сай ел басқару ісіне қатысқандығы және 1917 жылға дейін патша билік орындары мен жергілікті халық арасында аса беделді де танымал адам болғандығы. Біз зерттеп отырған «Ерімбет» жер атауы көбіне оның салдырған мешітімен байланысты болып отыр. Кейбір деректерге сүйенсек, Ерімбеттің мешіт салу идеясы 1916-1917 жылдары пайда болған сияқты. Өйткені, уақытша болса да, мешіттің іс-шаруашылығы жұмыстарына тартылған Ер Сейітпенбет әулиенің келесі ұрпағы Қойшығара қожаның куәландыруынша: «Ақ патшаның заманы аяқталып келген тұста, Шөмекейдің Бозғұл аталығынан сарқасқа (ру аты) Сәндібай қажы мен дөсек (ру аты) Ерімбет қажыны қажылыққа барып келіп, еліне мешіт-медресе салдырып халықты Алла жолына бастаған кісілер. Кейіннен, 1928 жылдың “байталауына” түсіп, екі қажының мал-мүлкін үкімет тәркілеп, жер аударды» (Алмат, 2020).

Кеңес өкіметінің атеистік саясаты күшейіп тұрған алғашқы онжылдықтарда мешіт тұрғызу – аса батыл әрі сирек кездесетін қадам болатын. Осыған қарамастан, 1920 жылдары Сыр өңірінде бірнеше мешіттің бой көтеруі – таңқаларлық тарихи шындық. Солардың бірі – 1928 жылы Ерімбет қажының жеке қаражатына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Қуандария ауылынан 13 шақырымдай батысқа қарай, өзен бойында салынған мешіт. Аталған мешіттің өмірі ұзақ болмады – онда бар болғаны екі рет жұма намазы оқылған. Бұл мешіт жайлы марқұм Шайқықожа Әбдіқожаұлы өзінің қолжазбасында баяндайды. Ол – Т. Көмекбаев ауылынан шыққан, жазбасы Ерімбет қажы туралы кітапқа енбеген. Шайқықожа өз жазбасында әкесінен естіген оқиғаларды жеткізеді. Әбдіқожа мен Ерімбет қажының отбасы құда-жекжат болған, сондықтан ол көптеген жайттарды жақсы білген. Шайқықожаның жазуынша, Ерімбет қажы исламның бес парызын ұстанған адам болған.

Ол бір жиында ағайындарын жинап: “Назаркерді әулиенің маңынан мешіт салдырғым келеді, Ақмешіттен құрылыс материалдары мен шебер әкелу қажет” деп ойын білдіреді. Құрылысты бақылауға Бимен есімді адам тағайындалып, қажетті заттар түйелерге артылып жеткізіледі. Алты ай ішінде мешіт толық салынып, төбесі қаңылтырмен жабылып, мұнаралары мен шатыры көк түспен сырланған. Іші сәнмен безендірілген бұл мешіттің ашылу салтанатына алыс-жақыннан қонақтар шақырылып, үлкен той ұйымдастырылады. Сол заманда мешітті көргендер: “Қазалы уезінде мұндай мешіт жоқ” деп танданған. Құбыла жағы Назаркерді әулиеге, ал қарсы жағы Жанай батырдың бейітіне қаратылып салынған. Ерімбет қажының айтуынша: “Әкем Жанайдың құлағына азанның үні естілсін” деген ниетпен мешіт жақын тұрғызылған. Құрылыста қажетті ағаштар Қуандария өзені арқылы ағызып әкелінген. Мешіт күнге қарап, сайдың жотасына орналасқан. Сол кезеңнің тағы бір белгілі тұлғасы Даңылбай есімді кісі құрылыс жұмысына басшылық етіп, қажетті жабдықтарды уақтылы жеткізіп отырған. Мешіттің алғашқы имамы – Бекбергенов Жүсіп ахун болған, оның ұрпақтары қазіргі Қазалы ауданы, Сарыбұлақ ауылында тұрады. 1927 жылы Ерімбет қажы Қаракүмдағы елді аралап, Байқожа станциясы маңындағы Ақкүмда отырған Еспембеттің үйіне соғып, Сердалының үйінде қонақ болып, жастарға бата беріп, уағыз айтып кеткен. Кейін Қызылқұм ауылдарына бет алады. Ол дін ошағы ретінде мешіттің мәңгілік сақталарына сенгенімен, сол жылы тәркілеуге ұшырап, үш жылға Ақтөбе жаққа жер аударылады. Ерімбет Қажы жер аударылған үш жылын өтеп, 1930 жылдары Байқожа станциясында отырған Еспембеттің қасына аман-есен келіп орналасады. Осы жерде кенже қызы Қарлығаны ақ балқы Мәлікке ұзатады. Баласы Қошанияз әйелі Назыммен сол жылдары өз еріктерімен Бұқара жаққа кетеді. Бір – екі жылдан кейін Ерімбет қажы да әйелі Болған екеуі баласы Қошанияздың артынан Бұқараға кетеді. Сол жаққа барған соң, Ерімбет қажы сексен жастың шамасында ауырып, қайтыс болады (Мырхиев, 2005: 117-118). Демек, Ерімбеттің қайтыс болған жылын 1932 жыл деп сеніммен айтуға болады. Ерімбеттің жамбасы жерге тиісімен әйелі Болған да ауырып, бір-екі күнде қайтыс болып, Ерімбеттің қасынан жерленеді. Ұрпақтары одан әрі Ауғанстан, Иран, Түркия елдеріне қоныс аударып, елге 1993 жылы қайта көшіп келеді.

Айта кететін жәйт, 1928-1930 жылдары Қармақшы ауданы, Қарақ елді-мекенінде (қазіргі

Т.Көмекбаев ауылына жақын) Ақмырза ишан бастаған көтерілістің болғаны белгілі. Осы уақытта Асандар көтерілісі, Қаракүм көтерілістері қатар жүріп жатты. Ақмырза ишан бастаған көтерілісшілердің саны 700-ге дейін жетті. Кеңес билігіне қарсы болған осы көтерілістерден Ерімбеттің тыс қалуы мүмкін емес еді. Т. Көмекбаев ауылының тұрғыны Мырзабарақов Бекжалғас Қыстаубайұлының ауызша дерегі бойынша (атасы Тыранов Мырзабарақ Ақмырза ишан көтерілісіне қатысқан (Ембергенов, 2000: 44). Ақмырза ишан уақытында Ерімбеттен көмек сұрай келген екен. Алайда, Ерімбет сол кездегі арнасынан асып ағып жатқан Қуандария өзеніне қарап тұрып, көтеріліске көмек сұрай келген Ақмырза ишанға былай деген екен: «Кеңес өкіметінің әскері мына дариядай ағып жатқан топан су, оған қалай қарсы тұрасың?» деп уәж айтқан. Яғни, көтеріліске қатысушыларды келісімге шақырып, қырғынға жол бермеуге тырысқаны байқалады. Көнекөз қария Әлібайұлы Шамшаттың естелігіне сүйенсек, Ақмырза ауылдағы мешіттің молдасы қызметін атқарған. Ол жас жеткіншектерге араб әліпбиін оқытып, оларды сауаттылыққа баулыған екен (Құдайбергенова, 2022: 137).

Кеңес билігіне қарсы шықпай, келісімге келуге тырысқанымен, Ерімбет Жаңайұлының тәркілеу және қуғын-сүргіннен аман қалуы мүмкін емес еді. Оны қудалауға кеңес билігі үшін оның ауқатты және қажы болғанының өзі жеткілікті еді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық Архиві құжаттарында Ерімбет қажының мал-мүлкі тәркіленгені туралы деректер бар. «Қазалы ауданы №5 ауыл, Жанаев Е малын тәркілеу туралы мәлімет: түйе – 74 бас, жылқы – 117 бас, қой – 973 бас тәркіленді» (ҚР ОМА, Ф.Р-135. Тізім-1. Іс-349, 1-п) делінген. Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінде 1928 жылдың 27 тамызында толтырылған «Қызылорда округінен мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылуға жататын шаруашылықтар» тізімінде: «Қазалы ауданы, 1-группа: Жанаев Ерімбет 5-ауыл, 100 түйе, 200 жылқы, 1000 қой-ешкі, 300 ірі қара» (ҚОМА, 2-қор, 1-тізім, 11-іс, 292-п). деген мәлімет бар. Қарап отырсақ республикалық архивтегі мәліметтер мен Қызылорда облыстық архивіндегі мәліметтерде сәл ғана айырмашылықтар бар.

Қызылорда округінің «Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен халық комиссарлар кеңесінің 1928 жыл 27 августегі Қазақстан топырағында жасаушы ірі байлардың мал-мүлкін конфискеп, өзін жер аудару туралы қаулына лайық Қызылорда округіндегі ірі байлардың

мал-мүлкін конпескелеп, өздерін жер аудару туралы өткізілген науқаны мен қорытындысы» жөніндегі баяндамасында: «Округтік жердегі өткізілген ұйымдастыру және даярлық ісі жөнінде. Ірі байлардың мал-мүлкін конпескелеп, өздерін жер аудару науқаны туралы даярлық жұмысы Қызылорда округінде 19-августен бастап жүргізіле бастады. Қызылорда округіндегі ірі байлардың мал-мүлкін конпескелеп, өзін жер аудару туралы округтік атком жанынан 5 сентябрьде жеті кісіден комиссия түзеліп, сол күннен бастап конпеске жұмысына кірісіп, конпеске ісін қолға алып, аудандық жерлерден жеті кісіден конпескелеу комиссиясын түзеуге нұсқау беріп, аудандық жерлерге уәкіл жіберудің шарасына кірісті. Аудандық жерлерге жіберілетін уәкілдерге конпеске науқанының мақсаты және бұл науқанды аудандық, ауылдық жерлерге қандай әдістер қолданып өткізу керек екендігі туралы тлық түсінік беріліп, конпескелеуге ұйғарылған байлардың ішінде 560-600 шақырым жерлерде көшіп жүрген байларды тұрған жерінде конпескелеп келу жөнінде қандай шаралар қолдануға тура келетіндігі туралы уәкілдерге жіберудің алдында нұсқаулар берілді. Мұнымен қатар, конпеске науқаны кезінде малы бар шаруалардың барлығында қалдырмай конпескелейді деген халық арасындағы сезіну болуы себепті, шаруаның қорыққанынан малдарын сата бастағандықтары тәжірибе жүзінде белгілі болғандықтан, округтік конпескелеу комиссиясы бұл жөнінде аудандық жерлерге жіберілген уәкілдерге тиісті нұсқаулар беріп, халық арасына толық түсінік таратып, мұндай шарамыз істермен үйлесіп, науқанның маңызы туралы елдегі шаруаларды таныстыру тапсырылды» (ҚОМА, №2-қор. 2-тізім. 11-іс, 1 п) делінген.

Қызылорда облыстық архивінде Ерімбет Жанаев туралы мынадай тағы бір дерек кездеседі: «Тізім №7. Қызылорда округі бойынша мал-мүлкін тәркілеп, округтен жер аударылатын шаруашылықтар тізімі. Декрет КазЦИК и СНК от 27. 08. 1928 жыл. Байлар тізімінде 26-нөмірмен Жанаев Ерімбет көрсетілген. Қазалы ауданы 1-группа, 5-ауыл, батрак саны – 4, түйе – 100, жылқы – 200, қой – 1000. Комиссияның техникалық секретары Ажаров. Қолы қойылған» (ҚОМА, №2-қор. 2-тізім. 11-іс, 228-229 п). Демек, байлар ол уақытта 3 топқа бөлініп тәркіленгендігін ескерсек, Ерімбеттің 1-топта тұрғандығын көреміз.

Келесі бір хаттаманы сол қалпында бергенді жөн көрдік «Мәжіліс хат саны – 38. Қызылорда округтік атқару комитет президиумының мәжі-

лісі болды. 1928 жылы 5 қыркүйекте. Қатысқандар: Бұқарбайұлы, Ковалев, Комиссариенков, Бисенбайұлы, Есенұлы, Архивұлы. Кандидаттан: Нұрманұлы, округтік атком мүшесі: Құлтекенұлы және Құлбайұлы. Мәжіліс ағасы: Бұқарбайұлы. Уақытша хатшысы: Құлбайұлы. Тыңдалды: Ірі байлардың малын конпескелеумен қатар қонысынан аудару ретіндегі комиссияны осы жылдың бесінші сентябрьдегі екінші санды мәжіліс хатын қарау (Бұқарбайұлы)

Қаулы: округтік комиссияның қаулысы бекітіліп, төмендегі аты аталған ірі байлар әлеуметке зиянды табылғандықтан, тізімдегі көрсетілген малдарды алуымен қатар, қонысынан аударылсын: ... Қазалыдан бірінші графа: 1. Жанайұлы Ерімбет бұрынғы Қазалы бесінші ауыл» (ҚОМА, №2-қор. 2-тізім. 11-іс, 265-266 п).

1928 жылғы 24 қыркүйектегі байлардың мал-мүлкін тәркілеу комиссиясының нұсқаулығында Қызылорда округі бойынша барлығы 57 бай көрсетіліп, тізімде 47-ші болып Жанайұлы Ерімбет көрсетілген. «Ел шаруалары естеріңізде болсын! Қызылорда округінен малы конпескеленіп, өздері жер аударылатын байлар мыналар: ...47. Жанайұлы Ерімбет – бұрынғы Қазалы ауыл. Қызылорда округтік кеңес комитеті мен комиссия ағасы: Бұқарбайұлы. Комиссия хатшысы: Қарақожаұлы. Редактордың орынбасары: Токжігітұлы Ш.» (ҚОМА, №2-қор. 2-тізім. 11-іс, 227 п).

Округтік атқару комитетінің төрағасы Бұқарбайұлының аудандық атқару комитетіне жіберген қатынас қағазында: «Аудандық округтік атқару комитетіне! Қызылорда округінен конпескеленген байлардың ішінен сіздердің қарамақтарыңызға қолдарына куәлік беріліп жіберілген байлардың тізімін жолдаймыз. Осы тізімдегі көрсетілген байлардың сіздердің қарамақтарыңызға барлық жандарымен барып-бармай жүргендіктерін білулеріңізді сұранып. Қ.О.Округтік атком төрағасы Бұқарбайұлы. Нұсқаушысы: Ажарұлы (ҚОМА, №2-қор. 2-тізім. 11-іс, 178 п)...32. Жанайұлы Ерімбет. Жан саны – 7» (ҚОМА, №2-қор. 2-тізім. 11-іс, 180 п) делінген. Біз құжаттың орфографиясы мен стилін сол қалпында, өзгертпей беріп отырмыз.

1928 жылдың 1 қазанында Қазалы ауданының ірі байларының мал-мүлкін алу туралы комиссияның мәжілісі болды. Мәжіліске Сырғабайұлы, Амандосұлы, Шибаторов, Тоғанысұлы, Иноземцев және ауылға жіберілген уәкілдерден Жауқатұлы, Қалниязұлы қатысты. Мәжілістің төрағасы Сырғабайұлы, ал хатшысы Тоғанысұлы дейтіндер болды. Мәжілісте малдары конпескеленіп жатқан Ерімбет Жанайұлы мен

Мұса және Әлдебай Көгібарұлының жасырып қалған малдарын іздеп табу мәселесі қаралды. Мәселе бойынша Ж. Амандосұлының баяндамасында: «Мен бұл жұмысты 23 сентябрьден бастап істеп, 30 сентябрьде бірсыпыра бітіріп қайттым. 8-9 күннің ішінде 10 бөлек шаруаларын алуда болдым. Ол ауылдардағы кедей арасында малайлармен жиылыстар өткізіп, және де екі акті істедім. Бұлардың ақырында мынандай нәтижелер шықты: 1. Әлдебай мен Мұсаның малайларының айтуына қарағанда бұл екі байдың қырда Мамыт деген жерде азамат Әлмұраттың қолында жеті қанаттан екі ақ үй қалған екен. 2. Ерімбет Жаңайұлы қырда Аққұм деген жерде отыратын Самратұлы Әбдіқадырдың қолында сегіз қанат үй мен үш-төрт кілем тастап кеткен екен» – деген ақпараттары негізінде, төмендегідей қаулы шығарылады: «1. Баяндамада көрсетілген жоғарыдағы кісілердің қолдарына тастап кеткен байлардың үйлері мен мүліктері конфискованы. Сондықтан үйлер мен мүліктерді алып келуге комиссия мүшесі Ж. Қалниязұлы жіберілсін. Қалниязұлының қасына Бекен көмектесу комиссиясына үш-төрт адам уәкіл қосылсын. 2. Кедей Тойбайұлының қолындағы Ерімбет Жаңайұлының күрең қасқа аты конфискованы. Аудандық милицияға тапсыруға, атты тездікпен Тойбайұлынан алуды» (ҚОМА, №2-қор. 2-тізім. 3-іс, 107 п)

Қызылорда облыстық архивінде тақырыбымызға қатысты тағы да бір қызықты дерек сақталынған. Кеңестік кезеңде Қармақшы аудандық атқару комитетінде қызмет атқарған Қонысбек Төрешұлы Қазантаевтың соңынан ата-бабаларының бай болғандығы туралы қауесет шығады (Данабаев, Әбілов, 1995: 30). Осы мәселеге байланысты, Қ. Т. Қазантаевтың 1952 жылы Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Арғынғазы Қайсақановқа жазған өтінішінде Ерімбет туралы маңызды мәліметтер бар. (ҚОМА ҚСТФ, №268-қор. 1л-тізбе. 5944-іс, 44-49 п). Өтініште өзінің өмірбаяны, әке-шешесі туралы мәліметтерді келтіре отырып, 1952 жылы 29-31 тамызда өткен ХҮІ Қармақшы аудандық партия конференциясында өзіне тағылған негізгі айыпты жазады. «Арғы-тегің бай болған» деген айып тағылуы, Қ. Қазантаевтың түп-нағашысына байланысты болады. Жаңайдан екі бала. Үлкені ұл – Ерімбет, кішісі қыз бала – Жанар. «Жаңайдың қызын қаратамыр Қазантай алған, одан Төреш туған. Сыр бойына белгілі ардагер, қайраткер Қонысбек Қазантаев осы Жаңай батырдың жиеншары» (Дайрабаев, 1995: 94). Жаңай дәулетті болмаған. Баласы Ерімбетке әкесі-

нен 50 қой, 4 түйе еншіге берілген. Жанардың әлеуметтік жағдайы тұрмысқа шығуына кедергі болып, ата-анасы оны мал бағушы Қазантайға күйеуге береді. Қазантай мен Жанардан 1889 жылы Төреш туылады. (ҚОМА ҚСТФ, 268-қор. 1л-тізбе. 5944-іс, 45-46 п).

Осылайша, архив деректері де «Ерімбет» қыстауы атауының Ерімбет Жаңайұлының өмірі мен қызметіне байланысты екендігін көрсетіп отыр. «Ерімбет» қыстауының жыры мұнымен шектелмейді. Соғыс жылдары «Ерімбет» мешіті шын мәнісінде егесіз, қаңырап қалады. 1950 жылдары ғана Көздібаев Дербіс деген кісінің басқаруымен бұзылып, мешіттің материалдары шағын емхана, сегіз жылдық мектеп, балалар жатып оқитын интернат, балалар асханасы құрылысына пайдаланылған. «1950 жылдары шағын емхана, бастауыш мектеп, балалар жатып оқитын интернат асханасымен болды. 1964 жылдары жаңа қой совхозы ашылып, қой фермасының орталығы болды. Сол жерде әлі күнге дейін мешіт құрылысына пайдаланған, кірпіш күйдірген зауыттың орны бар. 1962-64 жылдары емхананың бас дәрігері болып Нысанбаев Сағилат, сегізжылдық мектеп директоры болып Әбдікешов Тілеген қызмет атқарады» (Мырхиев, 2005: 103). Осы жылдары «Ерімбет» елді-мекені Ленин атындағы совхоздың (қазіргі Тұрмағанбет ауылы) ферма орталығы болған. Ал, 1964 жылы Қуандария совхозының құрылуымен «Ерімбет» тұрғындары Қуандария совхозының орталығына көшіріледі де, бұрынғы елді-мекен енді бейресми «Ерімбет қыстауы» атанады.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша заманында «Ерімбет» есімді азамат халық арасында танымал болған. 1964 жылы Қуандария совхозы құрылғанда, сол ауылдың үлкендері, орталық көшеге «Ерімбет» есімін беруді ұсынған. «Ерімбет» есімінің жер, көше атауын иеленуі, уақытында халық арасында беделі жоғары болғандығын көрсетеді. Қазіргі таңда сол ауылдың орталық көшесі «Ерімбет» есімімен аталады. Алайда, Қуандария ауылының қазіргі әкімі Аймырзаев Ардақ Басқынбайұлының айтуынша, көше есімі берілген туралы ешқандай құжат, хаттама, шешім жоқ екен. Біздің ойымызша, кезінде жіберілген бюрократиялық салғырттықтан болуы да мүмкін. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін ауыл әкімі осыдан бірер жыл бұрын көше атын заңдастыру туралы аудан мен облысқа өтініш білдірген. Алайда, өтініш елімізде көше атын беруге жарияланған мораторийге байланысты тоқтап тұр екен.



2-3 фотосурет – Ерімбет қажының 1928 жылы салдырған мешітінің қазіргі орны
[Photo – 2, 3. The current location of the mosque built by Yerimbet Haji in 1928]

2023 жылдың 4 қазаны күні Жаңай батыр мен Ерімбет қажы ұрпақтары «Ерімбет» қыстауына арнайы барып Жаңай батырдың бейітін қоршап, құлпытас орнатты және Ерімбет қажының салдырған мешітінің орнын да қоршап, ақпараттық тақта қойды.

Ерімбеттен тараған ұрпақтар былайша өрбітіледі: Ерімбеттен – Жұбанияз, Қошнияз, Өмірбай.

Ерімбет баласы Жұбанияздан – Аққағаз, Үрістем, Өміржан.

Жұбанияз баласы Үрістемнен (1924-1979 ж.ж Ауғанстанда қалған) – Сақидаш, Тайра, Гүләмнәби туады. (Сақидаш 1962 жылы Ауғанстанда туған, 1993 жылы отбасымен Түркиядан елге қоныс аударған, қазіргі уақытта Қаскеленде тұрады)

Сақидаштан – Әнипа, Рақима, Рақила, Со-тысқұл, Жалаладин туады.

Гүләмнәбиден – Жәмила, Гүлзира, Жансерік атты ұрпақтары бар.

Жұбанияз баласы Өміржаннан (1914-1990 ж.ж Иранда қалған) – Әбдіәзиз, Рамазан тарайды.

Әбдіәзизден – Нәжия, Бәтима, Зухра, Расул, Сәруар (Шымкентте тұрады, 1984 жылы Иранда туған, 1993 жылы отбасымен Түркиядан Қазақс-

танға келген), Әли, Нәжиба. Рамазаннан – Ербол, Жұлдыз.

Ерімбет баласы Қошнияздан – Раушан, Әбдібек туады. Раушаннан (қыздан) – Жорабек, Роза, Гүлбану.

Қошнияз баласы Әбдібектен – Бексұлтан, Саракұл, Шырынкүл, Айнаш, Жанат, Серік туады (барлығы Қызылорда қаласында тұрады).

Ерімбет қажы әулетінің қасіретке толы шырғаланды тарихын зерттей отырып, біз оның ұлттық тарихымыздың негізгі белестерімен тығыз байланысып жатқанын байқаймыз. Ерімбет өз елінде қудаланса, оның ұрпақтары Өзбекстан, Ауғанстан, Иран, Түркия асып өз отанына еліміздің егемендік алуымен оралды. Қазіргі таңда ұрпақтары еліміздің әр аумағында, қоғамның әр саласында жемісті еңбек етуде.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Қызылорда облысының картасында ресми тіркелген «Ерімбет» қыстауы атауының өзіндік қызықты да, жарқын тарихы бар. Ол екі дәуір тоғысында өмір сүрген әділетті және діни ұстанымдағы Сыр бойының белгілі қайраткерлерінің бірі Ерімбет Жаңайұлының есімімен байланысты. Өкінішке орай, «Ерімбет» атауы

төңірегінде әлі күнге дейін созылып келе жатқан пікірталастардың болуы, тақырыпқа қатысты мәліметтерді жеткілікті білмеуден болып отыр. Қоғамдық пікірдегі жер атауының Сыр сүлейлерінің бірі Қарасақал Ермбетпен байланыстырылуы соның айғағы. Біздің зерттеуіміз бойынша «Ермбет» жер атауының қалыптасуы – 1928 жылы жергілікті ауқатты, әрі қажы Ермбет Жаңайұлының Қуандария бойында мешіт салдыруымен байланысты екендігін көрсетеді. Мұнымен қоса, 1928-1930

жылдардағы тартысты оқиғалардың да осы елді мекен төңірегінде жүргендігін байқаймыз. Соғыстан кейінгі жылдары «Ермбет» мешітінің бұзылып оның материалдарының жаңадан салынған мектеппен емхана құрылысын салуға кәдеге жарауы да, «Ермбет» атауының халықтың арасында біржола орнығуына ықпал етті. 1964 жылы Қуандария совхозы құрылғанда орталық көшенің біріне жергілікті тұрғындардың ықыласымен оның есімінің берілуі де соның айғағы.

Әдебиеттер

- Алмат, А. (2020, тамыз 22). Қосназар палуан. Ақмешіт апталығы, №64 (1665), 4-бет.
- Аяған, Б. (ред.), & Әбиев, С. (ред. алқасы). (2006). Қазақстан: Ұлттық энциклопедия (8 т.). Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 704 б.
- Байділдаев, М., & Алматов, А. (2007). Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармалары (1-т.). Алматы: Жазушы. 312 б.
- Ғабжалилов, Х. М., Омарбеков, Т., & Ноғайбаева, М. (2010). Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Қаракесек бірлестігі (Әлім, Кете, Шөмекей) (13-т., 4-к.). Алматы: Алаш тарихи-зерттеу орталығы. 550 б.
- Дайрабаев, Т. (1995). Кете – Шөмекей шежіресі. Алматы: Ана тілі. 168 б.
- Данабаев, Қ., & Әбілов, Е. (1995). Адам бір көшкен керуен: Деректі хикаят. Алматы: Ер-Дәулет. 225 б.
- Ембергенов, Х. (бас ред.). (2000). Аза: Қызылорда облысы (1-т.). Алматы: Қызылорда облысы «Боздақтар» естелік кітабының редакциясы. 544 б.
- Жанаев, А. (2016). Қазақ кімнен тараған (Шежіре-дастандар). Өлеңмен өрілген өсиеттер. Қызылорда: Ақмешіт Баспа үйі. 115 б.
- Жанұзақ, Т. (2010). Тарихи жер-су аттарының түп-төркіні. Алматы: Сөздік-Словарь ЖШС. 356 б.
- Иманбердиева, С. (2021). Тәуелсіз 30 жылдағы Қазақстан ономастикасы. Ономастикалық хабаршы, №1 (40), 24–30 б.
- Кәрібозұлы, Б., Сәдуақасұлы, Ж., Мыңжасов, Н., & Тайман, С. (2013). Қазалы. Астана: Фолиант. 312 б.
- Киндлер, Р. (2023). Сталиндік көшпенділер: Қазақстан билігі және ашаршылық. Астана: Фолиант. 432 б.
- Құдайбергенова, А. И. (2022). Қазақстандағы 1929–1932 жж. шаруалар көтерілістері және қазақтардың ауа көшуі (халық жадында). Қарағанды университетінің хабаршысы, №3 (107), 134–144 б.
- Құламанова, З. (2022). Қызылқұм – қазақтың ата қонысы екеніне оның топонимдері дәлел. Ономастикалық хабаршы, №1 (42), 3–8 б.
- Құндақбайұлы, Ш. (2024, наурыз 7). Ел есіндегі Ермбет. Қармақшы таңы, №20 (10285), 3-бет.
- Маданов, Х. (1993). Кіші жүздің шежіресі. Алматы: Атамұра – Қазақстан. 168 б.
- Мырхиев, М. (2005). Шөмекей шежіресі: Ата-баба ізімен. Ақтөбе: Литер-А. 183 б.
- Мырхиев, М. (ж.ж.). Жеке архив қоры.
- Сансызбаева, Б. Д. (2021, қараша). Қызылорда облысы топожүйесінің зерттелу тарихы. Вестник науки, №11 (44), Т. 4, 9–18 б.
- Толыбеков, С. (1992). Қазақ шежіресі. Алматы: Қазақстан. 144 б.
- Шермағанбет, М., Сәдуақасұлы, Ж., Әлжік, О., & Дәулетбаева, М. (2011). Қызылорда облысының жер-су атаулары жинағы. Қызылорда: Тұмар. 192 б.
- Қызылорда Облыстық Мемлекеттік Архиві (ҚОМА).
- Қызылорда Облыстық Мемлекеттік Архиві. Қоғамдық-саяси тарихы филиалы (ҚОМА ҚСТФ).
- Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚР ОМА).

References

- Almat, A. (2020, August 22). Kosnazar paluan [Kosnazar wrestler]. Akmeshit aptalygy gazeti, No. 64 (1665), p. 4. (In Kazakh)
- Ayagan, B. (Ed.), & Abiev, S. (Editorial board). (2006). Kazakhstan: ulttyk entsiklopediya [Kazakhstan: National Encyclopedia] (Vol. 8, 704 p.). Almaty: Kazakh entsiklopediyasy. (In Kazakh)
- Baidildaev, M., & Almatov, A. (2007). Turmagambet Iztileuuly shygarmalary [Poems of Turmagambet Iztileuuly] (Vol. 1, 312 p.). Almaty: Zhazushy. (In Kazakh)
- Gabzhalilov, Kh. M., Omarbekov, T., & Nogaibaeva, M. (2010). Kazakh ru taipalarynyn tarikhy. Karakesek birlestigi (Alim, Kete, Shomekei) [History of Kazakh tribes. Karakesek association (Alim, Kete, Shomekei)] (Vol. 13, Book 4, 550 p.). Almaty: Alash historical research center. (In Kazakh)
- Dairabaev, T. (1995). Kete – Shomekei shezhiresi [Kete – Shomekei genealogy] (168 p.). Almaty: Ana tili. (In Kazakh)
- Danabaev, K., & Abilov, E. (1995). Adam bir koshken keruen [A person is a caravan: A documentary story] (225 p.). Almaty: Er-Daulet. (In Kazakh)

- Embergenov, Kh. (Chief Ed.). (2000). Aza: Kyzylorda oblysy [Aza: Kyzylorda region] (Vol. 1, 544 p.). Almaty: Kyzylorda region 'Bozdaktar' memorial book editorial board. (In Kazakh)
- Zhanaev, A. (2016). Kazakh kimnen taragan (Shezhire-dastandar). Olenmen orilgen osietter [From whom the Kazakh descends (Genealogical-poems). Commandments woven with verse] (115 p.). Kyzylorda: Akmeshit Publishing House. (In Kazakh)
- Zhanuzak, T. (2010). Tarikhi zher-su attarynyn tup-torkini [Origins of historical place names] (356 p.). Almaty: Sozdik-Slovar LLP. (In Kazakh)
- Imanberdieva, S. (2021). Tauelsiz 30 zhyldaky Kazakhstan onomastikasy [Onomastics of Kazakhstan in 30 years of independence]. Onomastikalyk khabarshy, No. 1 (40), pp. 24–30. (In Kazakh)
- Karibozuly, B., Saduakasyly, Zh., Myngzhasov, N., & Taiman, S. (2013). Kazaly [Kazali] (312 p.). Astana: Foliant. (In Kazakh)
- Kindler, R. (2023). Stalindik koshpendiler. Kazakhstan biligi zhane asharyshylyk [Stalinist nomads. Kazakhstan government and famine] (432 p.). Astana: Foliant. (In Kazakh)
- CSA – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. (In Kazakh)
- KRSA – Kyzylorda Regional State Archive. (In Kazakh)
- SPHB KRSA – Social and Political History Branch of the Kyzylorda Regional State Archive. (In Kazakh)
- Qudaibergenova, A. I. (2022). Kazakhstanagy 1929–1932 zhzh. sharualar koterilisteri zhane kazakhtardyn aua koshui (khalyk zhadynda) [1929–1932 in Kazakhstan. Peasant uprisings and migration of Kazakhs (in the memory of the people)]. Karagandy universitetinin khabarshysy, No. 3 (107), pp. 134–144. (In Kazakh)
- Qulamanova, Z. (2022). Kyzylkum – kazakhtyn ata konysy ekenine onyn toponimderi däl [Its toponyms prove that Kyzylkum is the ancestral home of Kazakhs]. Onomastikalyk khabarshy, No. 1 (42), pp. 3–8. (In Kazakh)
- Qundakbaiuly, Sh. (2024, March 7). El esindegi Erimbet [Erimbet remembered by the people]. Karmakshy tany gazeti, No. 20 (10285), p. 3. (In Kazakh)
- Madanov, Kh. (1993). Kishi zhuzdin shezhiresi [Genealogy of the Lesser Horde] (168 p.). Almaty: Atamura – Kazakhstan. (In Kazakh)
- Myrkhiyev, M. (2005). Shomekei shezhiresi. Ata-baba izimen [Genealogy of Shomekei. In the footsteps of ancestors] (183 p.). Aktobe: Liter-A. (In Kazakh)
- Myrkhiyev, M. (n.d.). Zheke arkhiv kory [Personal archive fund]. (In Kazakh)
- Sansyzbaeva, B. D. (2021, November). Kyzylorda oblysy topozhuyesinin zerttelu tarikhi [Research history of the toponymic system of Kyzylorda region]. Vestnik nauki, No. 11 (44), Vol. 4, pp. 9–18. (In Kazakh)
- Tolybekov, S. (1992). Kazakh shezhiresi [Kazakh genealogy] (144 p.). Almaty: Kazakhstan. (In Kazakh)
- Shermaganbet, M., Saduakasyly, Zh., Alzhik, O., & Dauletbaeva, M. (2011). Kyzylorda oblysynyn zher-su ataulary zhinagy [Collection of place names of Kyzylorda region] (192 p.). Kyzylorda: Tumar. (In Kazakh)

Автор туралы ақпарат:

Сәтбай Тастанбек Яхьяұлы – Тарих ғылымдарының докторы, аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Тарих және археология» БББ (Қызылорда, Қазақстан, e-mail: dastan.satbai@mail.ru)

Мырхиев Әбдікамал Мұқамбетқалиұлы – магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Тарих және археология» БББ (Қызылорда, Қазақстан, e-mail: kamok-80@mail.ru)

Сведения об авторах:

Сатбай Тастанбек Яхьяұлы – доктор исторических наук, старший преподаватель кафедры истории и археологии Кызылординского университета имени Коркыт Ата (Кызылорда, Казахстан, e-mail: dastan.satbai@mail.ru);

Мырхиев Абдікамал Мұқамбетқалиұлы – магистрант кафедры истории и археологии Кызылординского университета имени Коркыт Ата (Казахстан, Кызылорда, e-mail: kamok-80@mail.ru).

About the author:

Satbai Tastanbek Yahyauly – Doctor of Historical Sciences, Senior Lecturer, Department of History and Archaeology, Korkyt Ata Kyzylorda University (Kazakhstan, Kyzylorda, e-mail: dastan.satbai@mail.ru)

Myrkhiyev Abdikamal Mukambetkaliuly – Master's student, Department of History and Archaeology, Korkyt Ata Kyzylorda University (Kazakhstan, Kyzylorda, e-mail: kamok-80@mail.ru)

Поступило: 06.04.2025

Принято: 05.06.2025